

ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
«Аққайың» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
А. Ж. Абзалова



**Педагог- психологтың 2021 – 2022 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

2021-2022 оқу жылы

ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасы

Педагог- психологтың 2021 – 2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары.

Кіріспе

- 1.1. «Аққайың» бөбекжай балабақшасының психологиялық қызметінің бағыттары.
- 1.2. «Аққайың» бөбекжай балабақшасында психологиялық қызметін ұйымдастыру.
- 1.3. «Аққайың» бөбекжай балабақшасының психологиялық қызмет ережелері.

II. Балалармен жұмыс.

- 2.1. Баланың психикасының дамуына қолайлы жағдай жасау.
- 2.2. Баланың психикалық дамуының жас шамасына сәйкес келуін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу және жеке жұмыс жоспарын құру.
- 2.3. Баланың коммуникативті қарым-қатынасын зерттеу.
- 2.4. Психофизикалық даму деңгейін анықтау.
- 2.5. «Қауіпті топ» балаларымен жұмыс.
- 2.6. Баланы жеке тұлға ретінде дамуына психолог маманның әсері.

III. Педагогтармен жұмыс.

- 3.1. Балаларды дұрыс жетілдіру мақсатында педагог мамандардың психологиялық білімдерін жетілдіру.
- 3.2. Педагогтарға кеңес беру.
- 3.3. Педагогтармен жүргізілетін тренингтер.

IV. Ата-аналармен жұмыс.

- 4.1. Ата-аналармен жүргізілетін тренингтер.
- 4.2. Ата-аналарға кеңес беру.
- 4.3. Ата-аналар жиналысына қатысу.

Қосымша.

Әкімшілік пен бірлесе өткізілетін жұмыстар.

ПМПК жұмысына қатысу.

Кіріспе

Психологиялық қызметтің негізі: ересектер мен балаларға психологиялық білім беру – *психологиялық ағарту жұмысы*, балалардың денсаулығын қамтамасыз етуде *психопрофилактикалық*, оқу-тәрбиелеу процесін қамтуда *психологиялық кеңес*, өзара қарым-қатынаста қиындықтарды айқындауды және одан әрі оны *түзету және реттеу* шараларын қолдануға *психодиагностика* бағытында жұмыстар жүргізіледі.

«Аққайың» бөбекжай балабақшасында психологиялық қызметтің бағыттары:

- Балалармен жұмыс;
- Ата-аналармен жұмыс;
- МДҰ педагогикалық ұжыммен жұмыс;

МДҰ педагог-психолог қызметі жұмысына қажетті материалдарды жүйелендіру, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде психологиялық қызметтің әсері жоғары болады. МДҰ жағдайында психолог қызметінің құзыреттілігін, кәсіби деңгейін арттыруда көптеген құжаттарды толтыруға тура келеді.

Әр жұмыс бағыты практикалық психологтің ағарту жұмысы, кеңес беру, профилактикалық, коорекциялық-диагностикалық қызметтерін тіркеу құжаттарынан тұрады.

«Аққайың» бөбекжай балабақшасында психологиялық қызметті ұйымдастыру

Мақсаты:

Мектепке дейінгі мекемеде оқыту-тәрбиелеу кеңістігінде балалардың психологиялық даму процесіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- Балалардың психологиялық даму деңгейінің қорытындысын байқау;

- Ата-аналар мен балаларға даму мәселелеріне қатысты психологиялық көмек көрсетуге жағдай жасау;
- Балалардың жеке даму деңгейі негізінде (МДҰ ішінде) оқыту бағдарламасына психологиялық талдау жасау;
- МДҰ тәрбиелеу және оқыту мәселелеріне кеңес беру және психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметін қамтамасыз ету әдістемелеріне қойылатын талаптар:

1. Педагог-психолог психологиялық даму деңгейін скринингтік зерттеуге және оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі кезеңдерінде балалардың жас шамасына сәйкес психологиялық бейімделу деңгейін, балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық деңгейін анықтау құралдарымен қамтамасыз ету.
2. Балаларды дамыту жұмыстарын және психологиялық бағдарлама негізінде мектеп жасына дейінгі балаларға дамыту-реттеу бағдарламаларымен қамтамасыз ету.
3. Ата-аналармен, педагогтармен жүргізілетін ағарту жұмыстарына әдістемелік әдебиеттер дайындау.
4. Топ бойынша және жеке дамыту сабақтарына қажетті әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету (ойыншықтар, музыка аспаптары, үстел үсті ойындары).

Педагог-психологқа қойылатын кәсіби талаптар:

- Кәсіби білім;
- Зерттеу әдістерін және оның қортындылауды меңгеруі;
- Үлкендермен және балалармен кеңес беру техникасын игеруі;
- Дамыған техниканы меңгеруі, коррекциялық дамыту-жетілдіру жұмыстарын жүргізіп, оның қорытындысын шығару;
- Қосымша мамандықтар туралы түсінігінің болуы;
- Анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасай білуі;
- Үлкендермен және балалармен топтық жұмыс жүргізуге коммуникативті болуы;
- Отбасылық кеңес беруге білім негізінің болуы;

«Аққайың» бөбекжай балабақшасының психологиялық қызмет ережелері

I. Жалпы ережелер

1. МДБМ психологиялық қызметі осы ережемен реттеледі.
2. Психологиялық қызмет көрсету ҚР конституциясымен, ҚР «Білім туралы заңымен», бала құқығы туралы конвенция, әлеуметтік көмек көрсету ережелерімен толықтырылады.
3. МДМБпсихологиялық қызметі, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің бірден-бір бөлігі болып табылады.
4. Психологиялық қызмет психодиагностикалық, профилактикалық және түзету бағытында жүргізіледі.
5. Психологиялық қызмет аймақ деңгейіндегі психологтар әдістемелік бірлестігі, қамқор және қамқоршылық бөлімімен, медицина қызметкерлерімен, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста ұйымдастырылады.

II. Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Балалар дамуындағы жеке ерекшеліктерін анықтап, зерттеу.
2. Баланың жеке тұлға ретінде дамуында келеңсіз факторларды анықтап, дер кезінде жою шараларын қолдану.
3. Ата-анасымен, педагогтармен, тәрбиешілерімен, өз қатарластарымен әлеуметтік келеңсіздіктерді шешуде позитивтік қарым-қатынасын қалыптастыруға көмектесу.
4. Оқу-тәрбие процесін психологиялық тұрғыдан саралап, оның сапасын көтеруге іс-жүзіне асырылатын ұсынымдар беру.
5. Ата-аналар мен педагогтар арасында психологиялық сауаттылықты насихаттау.

III. Психологиялық қызметтің мазмұны мен бағыттары:

1. Жастан-жасқа өткенде, жаңа қабылданған кезде баланың психологиялық ерекшеліктерін жан-жанты зерттеу.
2. Қабілет деңгейін, психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.
3. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты зерттеу.
4. Бейімделу кезеңінде психологиялық көмек көрсету.
5. Ересек балалар қарым-қатынасын зерттеу.
6. Эмоциялық, жеке басының және танымдық қабілеттерін дамыту бағытында бағдарламалар дайындау.
7. Педагогтарға, ата-аналарға кеңес беру.
8. Балалар құзіреттілігіне байланысты, қабілеттерін дамытуға көмектесу.
9. Педагогикалық кеңесте сөз сөйлеу.
10. Бала дамуындағы әлеуметтік-психологиялық келеңсіздіктерді байқау және дер кезінде көмек көрсету.
11. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында психологиялық-педагогикалық насихат жүргізу мақсатында тақырыптық дөңгелек үстел, семинар, әңгімелер өткізу.
12. Баланы жеке тұлға ретінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін психологиялық көзқарас тұрғысынан саралау.
13. Педагогикалық ұжымды тәрбиелеуде, жағымды психологиялық жағдай жасау.
14. Балабақшадағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне эксперттік баға беруге қатысу.
15. Балалардың жеке психологиялық ерекшеліктерін тіркеуде, түзету бағдарламасын енгізу және дайындау.

IV. Психологтың құқығы мен міндеттері:

Психолог маманының міндеті:

1. Осы ережемен өз қызметін реттеуге;
2. Кәсіптік қызмет аясында, өз құзыретіндегі сұрақтарды шешуге;
3. Кәсіби біліктілік деңгейін үнемі көтеруге;
4. Психопрофилактикалық, психологиялық түзету, әлеуметтік-психологиялық дамытушы ортаны зерттеуде ғылыми дәлелденген әдістерді пайдалануда, практикалық педагогикалық-психологиялық ғылыми жетістіктермен үнемі танысып отыруға;
5. Ата-аналар мен педагогтар арасында насихат жүргізуге;
6. Зерттеу құжаттарын жүргізуге және сақтауға;


Психолог маманының құқығы:

1. Жұмыстың түрі мен әдісін тандауға, белгілі бір мақсат қоя отырып, жұмыстың тиімді жолдарын іздеуге;
2. Ересектер және балалармен өз бетінше жұмыс бағытын реттеуге;
3. Психологиялық қызмет үлгісін оңтайландыруда ұсыныстар жасауға;
4. Жетілдіру түзету бағдарламаларын енгізуге, зерттеу қорытындысын шығару отырысына қатысуға;
5. Ғылыми танымал және әдістемелік басылымдарға, ғылыми тәжірбиелермен танысуға, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне баға беруде, психологиялық жұмыс түрлері мен жаңа әдістемелерді өндеуге қатысуға;

V. Психолог жауапкершілігі:

1. Зерттеу және түзету әдістемелерінің дұрыстығына және берілген ұсыныстарға жеке жауапкершілік жүктеледі.
2. Психологиялық қызмет құжаттарының сақталуына және оның сауатты жүргізілуіне жауапты.
3. МдМБ бөлген материалдық-техникалық құралдардың сақталуына жауапты.

Педагог- психолог:
Балабақша меңгерушісі :



Ұ. Мүсай
А.Абзалова